




Мединаева Ақерке Аманқызы,
ҚР Заңнама институты Лингвистика
орталығының НҚА және халықаралық
шарттар жобаларына ғылыми
лингвистикалық сараптама секторының
аға ғылыми қызметкері



Хамзина Назгүл Амантайқызы,
ҚР Заңнама институты Лингвистика
орталығының НҚА және халықаралық
шарттар жобаларына ғылыми
лингвистикалық сараптама секторының
аға ғылыми қызметкері

ТЕРМИНДЕРДІҢ БІРІЗДІЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы [1]. Бүгінгі күнде осы Тіл туралы Заңға сәйкес мемлекеттік тілді меңгеріп, парызды орындап, орыс тілін ұмыта бастаған адамдар саусақпен санарлық шығар.

Ресейде заң тіліне аса мән беріледі, жіберілген бір ғана қатеге жан-жақты талдау жүргізіліп, үлкен мәселе көтеріліп жатады.

Заң шығармашылығы мәдениеті заң мәтінінің логикалық жағынан жүйелі баяндалуын, заңның қатаң сақталған кәсіби стилі мен тілін және онымен қоса оның халыққа жайлы, түсінікті және қол жетімді болуын болжайды. Заң логикасы, стилі және тілі – функционалдық мақсаты заң шығармашылығындағы нормативтік құқықтық алғышарттардың дұрыс түсінілуін қамтамасыз ету, заңда көрініс тапқан құқық нормаларының талаптарын құқықтық қатынастар субъектілерінің дұрыс қабылдауы болып табылатын заң шығару техникасының элементтері [2].

Елімізде болса, заң тілі аудармашылардың илейтін пұшпағына айналған сыңайлы. Дегенмен, аудармашылар деп оларға менсінбей қарағанмен, соншалықты жауапты жұмысты

атқарып жүрген осы аудармашылардың еңбегімен ұлттық заңнамамыздың мемлекеттік тілдегі мәтіні қалыпқа салынып жатыр емес пе?

Қазақ тілі бай тіл болғанымен, неліктен мемлекеттік тілімізде заң жаза алмай мәселе көтеріп жүр екенбіз? Айтуға ұят, өз елінде, өзіңнің ана тілінде заң жаза алмайтын мамандар жоқ деп жар салып жүргенімізге жиырма жылдан астам уақыт өтті. Тағы қанша жылдарды артқа тастар екенбіз, заң жобасын мемлекеттік тілде талқылап тұрып іске кіріссек, мүмкін бұл жұмыс қолдау тауып жалғасып кетер ме еді.

Дегенмен, осы күндері басқа елдерде болса көбіне құжаттарды шет тілдеріне аударатын сауатты мамандар ғана қажет болып жатқан болса, елімізде ресми құжаттарды өз ана тілімізге аудару жұмысына жоқ жерден аудармашы тағайындап, қаншама қаржыны үнемдеудің орнына далаға лақтырғандаймыз. Бұдан былай қазақ тіліне қатысты қатты талап қойылады деп орыс тілді мамандардың арасында үрей тудырып қойдық.

Сонда қалай әр әзірлеуші мемлекеттік органда мемлекеттік тілді жетік меңгерген, тым құрығанда, бір заңгердің болмағаны ма? Бар да шығар, бірақ тілді жақсы біледі екен деп мемлекеттік тілге қатысы бар құжаттың көп бөлігі сол маманға үйіп-төгіп тасталады да, ол мықты деген маманымыз аудармашы қызметін атқарып кеткенін байқамай да қалады.

Заңгерлердің емес, аудармашылардың еңбегімен болса да жақсара бастаған заң тілі

туралы біршама ойымызды ортаға салып отырмыз.

Жобаларды ресімдеу техникасының жоғары деңгейі, заңдарды баяндау анықтығы қабылданатын актілер тиімділігінің қажетті алғы шарты болып табылады. Сапалы заңдарды қабылдау елімізде бүгінгі күнде біртіндеп жөнге қойыла бастап, кейінгі қабылданып жатқан заңдардың мемлекеттік тілдегі мәтініне қойылатын мін азайғанға ұқсайды. Өйткені жобалар мәтінінің аудармасына деген талап жақсы.

Бұған қоса, терминдердің бірізділігі мәселесі де шешімін таба бастады. Дегенмен, заң шығармашылығында қолданыстағы терминдердің бірізділігіне қатысты орын алып жатқан кейбір әттеген-ай дейтін тұстар да кездесіп жатады. Заң шығару институтының құрамында жұмысын жалғастырып отырған Лингвистика орталығына келіп түсетін құжаттардың сапасы әрине көңілге қаяу түсіреді.

Сауатсыз, дұрыс жасалмаған құжаттар алдына берілген кезде терминдердің бірізділігі бойынша жұмыс жайына қалады да, ең алдымен, мәтінді аудару бойынша жұмыс жүргізіледі, қолындағы заң жобасының мемлекеттік тілге аударылуы бойынша жұмыс аяқталған кезде алдында тұрған басқа құжаттардың мерзімі келіп, терминдерді бірізділікке келтіру жұмысы толығымен жүргізілмей, жоба одан әрі қарай қарауға жіберілетін кездер көп қайталанатын.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі) кезінде асығыстықпен қабылданып, қазақ және орыс тіліндегі мәтіндерінің сәйкестігі бойынша біраз кемшіліктерге жол берілді делік.

Өкінішке орай, осы Кодекс қабылданғалы оған жылына бірнеше мәрте өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатса да, соншалықты сапасы жақсара қойған жоқ деп айтуға болады. Тек кейінгі жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың салдарынан ғана Кодекс мәтінінің сапасы біршама жақсарды. Осыған орай бастапқыда қабылданып, өзгеріс енгізілмеген баптар мен өзгеріске ұшыраған баптар арасында бірізділік мәселесі мен мұндалап тұрғаны анық.

Кодекстің 433 және 628-баптарында:

«433-бап. Жиынтықталмаған тауарлар берудің салдары

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген салдарлар, егер заңдарда не шартта өзгеше көзделмесе немесе міндеттеменің мәнінен туындамаса, сатушы сатып алушыға тауарлар жиынтығын (осы Кодекстің 432-бабы)

беру міндеттемесін бұзған жағдайда да қолданылады.».

«628-бап. Мердігер тапсырысшыға ескертуге міндетті мән-жайлар

2) оның жұмысты атқару әдісі туралы нұсқауларын орындаудан тапсырысшы үшін болуы ықтимал қолайсыз салдарлар;» [3].

Берілген баптарда «последствия» деген сөздің аудармасы «салдарлары» деп алынған да, басқа баптарда толықтай «салдары» деп берілген. Бұл грамматикалық қатеге жатады әрине. Бірақ соңғы жылдары қабылданып жатқан заңнамалық актілерде бұл сөздің қолданылуы біртіндеп бірізділікке келтіріліп, «салдары» деп алынып жүр.

Сонымен қатар, «законодательные акты» деген сөздердің аудармасы бастапқыда қабылданған қалпында «заң актілері» деп те қолданылады, ал кейінгі заңдармен өзгерістер енгізілген баптарда орайы келген сәті пайдаланылып «заңнамалық актілер» деп біразы түзетілген. Бұл да терминдердің бірізділігі проблемасына кешенді түрде қараудың дәлелі болмақ.

458-бапта:

«Статья 458. Договор поставки

По договору поставки продавец (поставщик), являющийся предпринимателем, обязуется передать в обусловленный срок или сроки производимые или закупаемые им товары покупателю для использования в предпринимательской деятельности или в иных целях, не связанных с личным, семейным, домашним и иным подобным использованием.

458-бап. Тауар жеткізілімінің шарты

Кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.»

Бұл бапта және тұтастай Кодекс мәтіні бойынша «поставщик» деген сөздің аудармасы «тауар беруші» деп алынған. Кейінгі жылдары бірізділік мәселелері бойынша жүргізілген жұмыс барысында біраз терминдердің аудармасы бірізділікке келтірілді, солардың ішінде осы «поставщик» деген сөз де бар. Яғни бұл терминнің аудармасы «өнім беруші» деп алынып жүр.

636-бапта:

«636-бап. Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар жөніндегі мерзімнің ескіруі.

Мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыс сапасының лайықсыз болуынан туындаған талаптар үшін талап арыз қою мерзімінің өтуі тапсырысшы осы Кодекстің 630-бабында көзделген мерзім шегінде мәлімдеген кемшіліктер анықталған күннен басталады.».

Баптың тақырыбында «давность» деген сөздің аудармасы «ескіруі» деп алынып, норманың өзінде «өтуі» деп көрсетілген. Бұл жерде мерзім ескірмейді, мерзім өтеді. Негізі бұл баптың мәтінін толықтай редакциялап былайша баяндаған дұрыс болар:

«636-бап. Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар бойынша мерзімнің өтуі

Мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыстың тиісті емес сапасынан туындаған талаптар үшін талап арыз қою мерзімінің өтуі тапсырыс беруші осы Кодекстің 630-бабында көзделген мерзім шегінде мәлімдеген кемшіліктер анықталған күннен басталады.».

Сонымен қатар, осы кодексте «заказчик» деген сөздің аудармасы 6 жерде «тапсырыс беруші деп», ал 227 жерде «тапсырысшы» деп қолданылған. Бұған қоса, кейінгі жылдары қабылданып жатқан барлық заңдарда бұл сөздің аудармасы бірыңғай «тапсырыс беруші» деп алынып жүргені белгілі.

409-бап бойынша біраз кемшіліктерге жол берілген:

«Статья 409. Срок исполнения обязанности передать товар

1. Срок исполнения продавцом обязанности передать товар покупателю определяется договором, а если договор не позволяет определить срок - в соответствии с правилами, предусмотренными статьей 277 настоящего Кодекса.»

«409-бап. Тауарды беру міндетін орындау мерзімі

1. Сатушының сатып алушыға тауарды беру міндетін орындау мерзімі шартта белгіленеді, ал егер шартта мерзімді белгілеуге мүмкіндік болмаса, осы Кодекстің 277-бабында көзделген ережелерге сәйкес белгіленеді.

Бұл тармақтың орысша мәтінінде негізі «правила» деген сөз орынды қолданылмаған, өйткені атап көрсетілген 277-бапта қағида емес ереже көзделген. Дәл осындай кемшілік тұтас Кодекс бойынша кездеседі. Дегенмен, қазақша мәтінде бұл терминнің аудармасы «ереже» деп алынған. Бұған қоса, осы тармақтың қазақ тіліндегі аудармасында «определяется», «определить» деген сөздердің аудармасын

«белгіленеді», «белгілеуге» деп берілген, дұрысы «айқындалады», «айқындауға». Яғни, нақтылайтын болсақ:

«409-бап. Тауарды беру міндетін орындау мерзімі

1. Сатушының сатып алушыға тауарды беру міндетін орындау мерзімі шартта айқындалады, ал егер шартта мерзімді айқындауға мүмкіндік болмаса, осы Кодекстің 277-бабында көзделген ережелерге сәйкес айқындалады.»

Тағы бір айта кететін жайт, осы Кодекс мәтіні бойынша «ответственность» деген сөздің аудармасы бір баптың өзінде «жауаптылық», «жауапкершілік» деп екі нұсқада алынған. Мәселен,

«702-бап. Тасымалдаушының көлікті бермегені үшін және жөнелтушінің берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін жауапкершілігі

2. Тасымалдаушы және жүкті жөнелтуші көлік құралдары берілмеген немесе уақтылы берілмеген не көлік құралдары пайдаланылмаған жағдайда, егер ол:

1) дүлей күштің;

2) көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленген белгілі бір бағыттарда жүктерді тасымалдауды тоқтатудың немесе шектеудің;

3) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайлардың салдарынан болса, жауаптылықтан босатылады.».

Осы «ответственность» деген сөздің аудармасын жуырда қабылданған 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексында тұтастай «жауаптылық» деп беріліп, бұдан кейінгі қабылданатын заң актілерінде де осы ретте алынады деген ойдамыз.

Ұлттық заңнамамыздағы терминология негізінен әр саланы қамтып, кез келген саламен ұштасып жатыр. Азаматтық кодекстің 1-бабына сәйкес азаматтық заңдармен тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушылары азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылады.]]

Бұл түрлі саладағы қоғамдық қатынастарды реттейтін кодекстегі және басқа да кодекстердегі терминдердің кемшіліктерін түзетіп, дамытып, жетілдіріп, терминдерді сұрыптап, олардың

қорларын қалыптастыру бойынша жұмыстар негізге алынатындай жұмысты еңсерсек, бір жүргізуге сіз бен біз болып жұмыла ат салысып, белгілі бір қалыпқа келтірілген игі іс болар еді заң жобаларын әзірлеу кезінде сенімді түрде демекпіз.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N151 Заңы;
2. http://bibliofond.ru/view.aspx?id=444932#_ftn1
3. http://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409_/compare
4. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)// http://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409_/compare;



Мақалада Азаматтық кодекстің қолданыстағы редакциясындағы және заң шығармашылығы, оның ішінде лингвистикалық сараптама барысында кездесетін терминдердің бірізділігі мәселелері көтерілген.

Түйін сөздер: терминдердің бірізділігі, Азаматтық кодекс, мемлекеттік тіл.

В статье поднимаются вопросы единообразия терминов, встречающихся в действующей редакции Гражданского кодекса, в том числе при проведении лингвистической экспертизы.

Ключевые слова: единообразие терминов, Гражданский кодекс, государственный язык.

The article raises questions of uniformity of terms found in the current edition of the Civil Code, including the conduct of linguistic expertise.

Keywords: uniformity of terms, the Civil Code, the official language.

Акерке Аманқызы Мединаева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері

Назгүл Амантайқызы Хамзина,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері

Терминдердің бірізділігі мәселелері

Мединаева Акерке Амановна,

старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Института законодательства РК

Хамзина Назгуль Амантаевна,

старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Института законодательства РК

Вопросы единообразия терминов

Medinaeva Akerke Amanovna,

senior researcher of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Khamzina Nazgul Amantaevna,

senior researcher of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Uniformity of terms